

М.ӘУЕЗОВТЫҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ УАҚЫТ ҰҒЫМЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЭТНОГРАФИЗМДЕР

Адилова Гүлшат,
ҚМУ, Қазақ тілі және әдебиеті
кафедрасы, доц.

Сералиева Гүлмерей Саламатовна,
ҚМУ Лингвистика (қазақ тілі)
мамандығының 2-курс магистранты

Аннотация. Мақалада қазақ тіліндегі уақыт ұғымымен байланысты қолданылатын этнографизмдер үйренілген. Белгілі бір уақыт пен кеңістікте өткеріліп қазақ халқының ұлттық болмысы мен менталитетін көрсететін салт-дәстүрлерге байланысты этнографизмдерге «Абай жолы» романы мысалдары арқылы талдау жасалған.

Summary. In the article, ethnographicisms used in connection with the concept of time in the Kazakh language are learned. Ethnographicisms related to traditions, which show the national identity and mentality of the Kazakh people in a certain time and space, are analyzed using the examples of the novel "Abai Zholy".

Қазақ халқының ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатырған ұлттық салт-дәстүрлері бен әдет-ғұрыптарының барлығы белгілі бір уақыт кеңістігімен байланысты болып келеді. Әрбір тұлға дүние есігін алғаш ашқан күнінен бастап, өсіп, ер жетіп, кәрілікке жетуі, одан әрі өмірден өтуі аралығында белгілі бір жүйеге түскен, тәртіпке негізделген, жалғасып отыратын әдет-ғұрыптар мен жоралғыларды бастарынан өткереді. Кез келген атаулы күн белгілі бір уақытқа бекітіледі, ол уақыт жағынан әр түрлі, бірі қысқа, бірі ұзақ бола береді [1:203]. Атап айтатын болсақ, адам өмірінде белгілі бір әлеуметтік маңызы бар оқиға отыз күн ойын, қырық күн той арқылы жасалуы да немесе ол бір күн не бірнеше сағатқа созылуы мүмкін.

М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясында адамның туғаннан бастап өмірден өткенге дейінгі өмірінде кездесетін торқалы той мен топырақты өлімде көрінетін салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың барлығын кездестіруге болады. Жазушы шығармаларында салт-дәстүрге байланысты сөздерді молынан пайдаланған. Бұл сөздердің этнолингвистикалық сипатын анықтап, стилистикалық мағынасын талдаудың қазақ тіл білімі үшін маңызы ерекше. Роман тілінен ұлттық менталитетті танытатын қазақ халқының ерекшеліктерін бейнелейтін этнографизмдердің сан алуан түрін кездестіруге болады.

Аталған салт-дәстүрлерді тілдік тұрғыдан сәулелендіретін «сүйінші», «ерулік» этнографизмдерінен белгілі бір уақыт мағынасы да көрінеді. Яғни түпкі

мағыналары қазақ тілінің этномәдени лексикасына жататын сөздердің не үшін, қандай мақсатпен жасалатын білеміз және олар адам өмірінің белгілі бір мезгілде амалға асатынын, орындалатынын білдіретін уақыт семантикасымен де байланысты болып келеді. Ерулік – салты жаңадан көшіп келген көршілеріне өздерінің ашық көңілін білдіру мақсатында әрі олардың жаңа қонысқа тез үйренісіп, сіңісіп кетуі мақсатында тұрғылықты үй иелерінің беретін қонақ асы дәмі. Е.Жанпейісов «ерулік» сөзінің этимологиясы туралы көптеген ғалымдар пікірін келтіре отырып, бұл сөздің алғашында «орын, жайлы қоныс, тұрақ, еркіндік» мағыналарында қолданылғандығын, ал «сыйтамақ» ретіндегі мағынасы кейін пайда болған деген пікір айтады[2:48].

Сүйінші– басқа түркі халықтары сияқты қазақтардың да өмірінде үлкен маңызды орын алатын салт-дәстүр. Бұл этнографизмнің мағынасы қуанышты хабарды айтқан адамның ризашылығын алу мақсатымен, жақсы жаңалықты есіткеннен кейін берілетін сыйлық дегенді білдіреді. Мысалы: Айтпақшы, **сүйінші**, осы бір жұмадан бері біздің ауылдардың барлығы жағалай той жасап, құнан шаптырып, қуаныш етіп жатыр... – деді [3:515].

Сырға салу дәстүрі атастыру белгісі ретінде жігіт жағының қыздың құлағына сырға тағып жасайтын жоралғысымен байланысты қолданылады. Ұзатылатын қыздың белгілі бір уақыт аралығында кәмелет жасына жеткен, бойжеткен кезінде, құда түсу рәсімінде жасалатын бұл дәстүрдің негізгі мағынасы үйленетін екі жасты атастыру болып табылады. Бүгінгі күнде қазақ халқының ұлттық дәстүрінде кең етек алып отырған «сырға салу» салты құдалықтың үстінде де жасала береді. Яғни «сырға салу» дәстүрінен қыздың бойжеткен шағы болғанын, әрі құда түсерден бұрын өткерілетінін көреміз.

Е.Жанпейісов «Қазақ тілінің этномәдени лексикасы» атты еңбегінде ерулік, кара тігу, тұл, жоқтау, атастыру, сеп, ас, тоғыз, ілу, кит, ұрын, көкпар, айттыру, қалың, қалың мал, шоқ беру, қалжа, бастаңғы, кесек тас, тас ату, тас алу сияқты этномәдени лексиканы білдіретін этнографизмдерге талдау жасайды. Бұндай этнографизмдердің барлығы да белгілі бір уақыт пен кеңістікте жасалады. Ғалым бұл этнографизмдерді былай түсіндіреді: «Ерулік– сыйлау, қонақ асы беру; «тұл» – түркі тілдерінің көпшілігінде негізінен «жесір», «жетім» мағынасында қолданылған; жоқтау– дауыс шығарып жылау деген мағыналарды білдіретін жерлеу рәсімімен байланысты этнографизм, түркі тілдерінде «қайғы», «жерлеу рәсімі», «қара жамылу»; «сеп» – қаралы киім, бұл сөз қазақ тілінде «жәрдем», «көмек», «жетек», «түрткі» т.б. мағыналарды білдіреді; «ас» – қайтыс болған

адамды еске алу құрметіне берілетін тамақ; «тоғыз»– сыйлық, не өтем ретінде беріледі; «ілу» және «кит» сөздері үйлену салтымен байланысты, «ілу» –қалыңның негізгі құны; «кит» – қалыңдық жағынан берілетін сыйлық» «ұрын» – күйеу жігіттің қалыңдық ауылына жариялы түрде, сән-салтанатымен ұрын келуі; «айттыру» – құда түсу, қыздың келісімін алу сияқты мағыналарды білдіреді; «атастыру» сөзін де – құда түсу деп түсінуге болады [2: 47-118].

Көрсетілген этнографизмдердің барлығы да М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында шебер суреттелген. Романнан мысалдар келтірейік: Соның шарты: Бөжейге **ас** беріледі, жыл бойы арты қатты күтіледі деген болатын [3:137]. Онысы Бөжейдің тұлдаған аттарын сою, үй ішінде былтырдан жиылған **септі** тарқату, қаралы теңді бұзу [3:204].Тегінде есептесіп келсе, әдет бойынша, **ілу** мен **кит** құн жағынан қаралас болатын [3:179]; Сондай ауылға бала **қайындату**, әсіресе **ұрын жіберу** осал қам емес [3:177]; Байтастың жас қызы бар екен. Соны Оспанға **айттырмақ** болыпты [3:177].

Айттыру этнографизмі қазақ дәстүрі бойынша күні бұрын құда түсу, атастыру салтымен байланысты қолданылады. Бұл дәстүр қыз бойжеткеннен кейін үйлену, қыз ұзату салттарынан бұрын жасалады.

Этнографизмнің тұлғалық құрылымынан анық көрініп тұрғандай, түбірі– айт етістігі, -тыр – өзгелік етіс формасы, -у– қимыл атауы. Сөзжасамдық тұрғыдан етістік түбіріне жалғанған -тыр – етіс тұлғасы алғашында сөз тудырушы қызметте жұмсалған, яғни «біреуге айтқызу» мағынасын білдірген, кейін конверсия тәсілі арқылы тұтасып, түбір мен қосымшаға ажыратылмай қолданылатын болған. -у тұлғасы жалғанып, қимылдың атауы ретінде қолданылып, кейін этномәдени ұғым атауы ретінде қалыптасқан. Бұған дәлел, «айттыру» сөзін етістік, яғни қимыл атауы мәнінде де, дерексіз ұғым атауы ретінде де тануға болады.

Ілу этнографизмі құдандалы адамдардың бірінші кездескенде бір-біріне сыйға тартатын, құрмет үшін беретін заттары, тартуы болып есептеледі. Ол құда түсу рәсімінің үстінде, құдалардың бір-біріне құрмет көрсету нышанымен беріледі. Мысалы: Қалыңмал басы Алшынбайдың өзіне арналған кесек күміс бесік жамбы. Бұл **ілу** деп аталып еді [3:179]. Ғалым Е.Жанпейісов «ілу» сөзінің М.Әуезов шығармаларында қалыңның негізгі құны, қалыңмал басы ретінде қолданылғанын айтады[2:80]. Бұл тұжырымды негізге алсақ, «ілу» деп алдымен сый, тарту ретінде берілетін бесік жамбыны атаған. Кейін құдандалы адамдардың бір-біріне беретін басқа да сыйлы заттары осылай аталатын болған.

Киіт этнографизмі құда-құдағиларға киім-кешек түрінде берілетін сыйлық ұғымын білдіреді. Ол құда шақыру рәсімінің аяқ шенінде, құдалар қайтар алдында жасалады. Түпкі мағынасы құда-құдағилардың бір-біріне сый-құрмет көрсету нышанымен байланысты. «Киіт» сөзі қазіргі тіл қолданысында сөйлеу тілінде көбінесе «кит» тұлғасында айтылады: кит кигізді, кит әкелді, кит берді т.б. Бұл сөздің бастапқы түбірі «ки» етістігі, осы етістік түбірінен жасалған «киім» сөзі киілетін зат ретінде заттық атауға ие болса, осы сияқты сыйға тартылатын, құдалыққа келген адамдарға берілетін киім ретінде «киіт» атауына ие болған. Мысалы: Осыдан он жыл бұрын Алшынбай аулына Құнанбай кеп құда түсіп, Ділдәні Абайға айттырған уақытта, бас құда Құнанбайға **кит** деп, Алшынбай аулы күміс тартқан [3:179]; Жақып, Жиренше, Оспан, Ғабитхандар болып, Бекей аулына барып, **құда түсіп, киіт** киісіп қайтқан [3:318].

Тоғыз этнографизмі құдандалы не туыс адамдардың бір-бірінің үйіндегі той-томалаққа, өлген-жеткенге апаратын тоғыз түрлі тартуымен байланысты қолданылады. Халық ұғымында тоғыз саны киелі сандардың бірі деп есептеледі. Қазақ мәдениетіндегі «тоғыз беру», «тоғыз атау» салты белгілі бір оқиғаларға қатысты болған. Ал қандай да болмасын оқиға, іс-әрекет уақыт ішінде өтеді. Сондықтан бұл этномәдени бірліктің мағыналық құрылымында уақыт семасы міндетті түрде көрініс табады. Яғни «тоғыз» кез келген уақытта, кез келген кезде жасалмайды, оның тілдік қолданысқа енуі белгілі бір этномәдени уақытқа тәуелді. Роман-эпопеяда тоғыз этнографизмі бірнеше мағынада қолданылғандығын көреміз. Олар төмендегіше:

1) Бәйгеге тігілетін зат ретінде. Мысалы: Бәйгенің бәрі **тоғыз-тоғыздан**. Алдыңғы бәйге түйе бастатқан тоғыз, екінші жамбы бастатқан тоғыз. Ол жамбы–кешегі Ұлжан әкелген күміс еді [3:203].

2) Жерлеу рәсіміне қатысты берілетін зат. Мысалы: Підиясының өзі талай **тоғыз** болып саналады. Бас тоғызы түйе, екінші тоғызы жылқы, аяғы қой, ешкі тоғыздары және ішік кілем сияқты тоғыздар еді [3:138];

2) Құн, өтем ретінде берілетін зат: Айтқазы Абайларға бұл сәлемді әкелгенде Абай өз аузынан өз жағына екі **тоғыз** айып атады [3: 541].

Салт-дәстүрлер атауларын білдіретін этнографизмдерді өткізу рәсімімен байланысты адамның әлеуметтік жас кезеңдерімен байланысты атаулар және адам өміріндегі бір әлеуметтік топтан екінші бір әлеуметтік топқа өтуімен байланысты атаулар деп екіге жіктеуге болады. Адамның әлеуметтік жас кезеңдерімен байланысты топқа мынадай этнографизмдер енеді: шілдеhana, қырқынан шығару,

тұсау кесер, сүндетке отырғызу т.б. Бұндай этнографизмдер бүгінгі күнде актив қолданылады. Кешегі кеңестік заманда осындай салт-дәстүрлердің көпшілігіне шектеу қойылып, олар пассив лексикаға айналып бара жатқаны рас. Ал қазір олар актив лексика қатарына өтті және ұлттық құндылықтар қатарында өнімді қолданылып отыр. Бұл топтағы этнографизмдерде баланың жас мөлшері уақыт семантикасын білдіруде қызмет етеді. «Қырқынан шығару» дәстүрі нәрестенің туған күнінен бастап санағанда қырық күн өткеннен кейін жасалса, «сүндетке отырғызу» салты баланың 3-5-7 жас аралығында жасалады. Сүндеттеудің денсаулыққа, тазалыққа да пайдасы зор. Баланы сүндеттеу үлкен рәсім. Мысалы: **Сүндетке отырғызғанда**, ауырсынып жылап жатып, «құдай-ай, бұл қорлықты көргенше қыз қып неге жаратпадың!...» депті [3:13].

Уақыт семантикасы адам өміріндегі жаңа бір әлеуметтік жағдайлармен байланысты болып келетін салт-дәстүрлер негізінен, үйлену салтына қатысты жасалады. «Шашу» – үйлену тойының тойының басында, қалыңдықтың күйеу жігіттің үйіне алғаш келген кезінде жасалады: Үлкен бәйбіше: –Өмір жасың ұзақ болсын! Алдыңнан жарылғасын, қарағым!–деп **шашуын** шашты [3:181].

Үйлену тойының алдында жасалатын жоралғы мағынасындағы «құда түсу» салты біреудің қызын баласына айттыра баруды білдіреді. Мысалы: Әкелерің **құда түсе** кетіпті [3:281].

Адамның өмірден өтіп, қазақ болуымен байланысты жасалатын салт-дәстүрлердің ішінде «жоқтау»дың орны бөлек. Түркі халықтарының дерлік барлығында қайтыс болған адамға арналып қайғылы өлеңмен айтылатын жыр[4:200]. Әдетте жоқтау қайтыс болған адамның жақындарына көңіл айтып келген уақытта айтылады. Яғни, адам қайтыс болғаннан кейін орындалады, әрі бір жыл бойында, өмірден өткен адамды жерлеп, артын күту дәстүрлерінде айтылады. Жоқтау арқылы қайғырып отырған адамдар іштегі қайғы-зарды сыртқа шығарады әрі өмірден өткен адамның артында жоқтаушысы бар екендігін білдіріп отырады. Яғни, «жоқтау» рәсіміндегі уақыт ұғымы кісінің қайтыс болуы, жақындарының қаралы үйге көңіл айту кезі және қайтыс болған адамның артынан берілетін, жетісі, қырқы, жүзі және жыл асы кезеңдерімен байланысты. Мысалы: Аздан соң көп жылаулар басылып, Қаражан жалғыз өзі аналық зарын шығарып, азырақ **жоқтау** айтты[3:373]. Ең болмаса Бөжейдің **жетісіне** шейін, немесе тіпті **қырқына** шейін «жыласатын ағайынды», «бата оқырды» осы кең қоныс– шалқарда тоспақ болды[3:136].

«Жоқтау» атауының сөзжасамдық уәждемесі анық, түбірі– «жок» сөзі -та – етістік тудыратын жұрнақ, -у – қимыл атау формасы, алғашқыда қимыл атауы ретінде қолданылып, кейін тұрақтанып, субстантивтеніп, дерексіз заттық атауға айналған. Бұл рәсім қазақ тілінде «дауыс шығару», «дауыс салу», «дауыс айту», «дауыс қылу». «ат қою» түрінде де айтылады. Мысалы: Бұл елде кісі өлгенде алыстан **ат қойып** шабатын еркектердің салты бар [3:37]. Тыста тұрған Тәкежан мен Абай құшақтасып көрісті де, үйде **дауыс айта бастаған** Қаражанға, басқа әйелдерге дағды бойынша: «Құлыным, құлыншағым» деп, **үн салып**, жылап кірді [3:372].

Жазушы шығармаларында қолданылған этнографизмдердің барлығы да белгілі бір уақыт пен кеңістікте ұлттық болмыс пен менталитетті көрсетуге қызмет еткен. Қаламгер қазақ мәдениетін, яғни халық тіл байлығын, әр алуан этнографиялық, материалдық-рухани мәдениетке байланысты лексикалық қабаттарды қай-қайсысына да қажетінше қамти пайдаланған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жаңабекова А. Қазақ тіліндегі «уақыт» ұғымының тілдік парадигмасы. Алматы. 2012 ж.
2. Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. Алматы. Наука. 1989.
3. Әуезов М. «Абай жолы» роман-эпопея. 1т. Алматы. Жазушы. 1989 ж.
4. Sagidolda G., Adilova G. A. Linguocultural character of ethnographies related to burial traditions (On the example of the kazakhs language in Karakalpakstan) //ACADEMICIA: An International Multidisciplinary Research Journal. – 2021. – Т. 11. – №. 8. – С. 197-201.
5. Адилова Г. Производные этнографизмы в языке казахов проживающих в Каракалпакстане //Recent Scientific Investigation. – 2020. – С. 65-68.
6. Agytaevna A. G. Function of language in preservation of national ethno-cultural information (on the example of materials of the Kazakh language) //American Journal of Interdisciplinary Research and Development. – 2023. – Т. 16. – С. 151-156.